

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Қызылжар ЖОММБ

Топ/сынып мектепалды “А” сынып

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2026 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдас ты рылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ескерту
мамыр	Дене тәрбиесі	<ul style="list-style-type: none"> -Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. -Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. -Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру -Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу -Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу - Қимылды ойындар. -Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. -Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. -Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. -Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. -Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. -Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. 	
	Сөйлеуді дамыту	-зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады;	

	<ul style="list-style-type: none"> -құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды; -әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді; -негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтады; әңгімелерді бірізді айтып береді; -ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады; -бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады; -Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. 	
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> -Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындау; -түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісу; -айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді; сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану. -балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. -әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, -себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), -шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, -кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. -шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. 	
Сауат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -сөздің мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық талдау жасау; -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; -берілген буынға сөз құрастыру; 	

		<ul style="list-style-type: none"> -сөздегі буындардың санын анықтау; -үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау; -сөйлем сөздерден тұратынын түсіну; -сөздерді буындарға бөлу; - берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру; -сөйлемдегі сөздердің санын,ретін анықтау,қаламды дұрыс ұстау; жазу парағында бағдарлай білу,жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; -сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу -сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, -берілген сөзге сөйлем құрастыру; -сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. 	
	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> -туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі; -өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айту; -өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айту; жұмбақтардың жауабын табу; -шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдану; -интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолданады; -өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысады; өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады; -әңгімелесушінің сөзін мұқият тындайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді; -таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту,балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. 	
	Математика	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру;	

	негіздері	<p>-10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару;</p> <p>-Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.</p> <p>-Бүтін және бөлікті салыстыру, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу;</p> <p>-Бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру</p> <p>-Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>-Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу, осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>-Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу</p> <p>-Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыру;</p> <p>-ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>-мектепте оқуға ынтасын арттыру; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді үйрету;</p> <p>-Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну.</p>	
	Қоршаған әлеммен танысу	<p>-Мемлекеттік мереке-Қазақстан халқының бірлігі;</p> <p>-Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау;</p> <p>-Мемлекеттік мереке-Отан қорғаушылар күні; Жеңіс мерекесі.</p> <p>-Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, табиғатты сақтауды жауапкершілікті сезіне білу</p> <p>-Әртүрлі мамандықтар, олардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау;</p>	

		<p>-Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>-Адам табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды;</p> <p>-Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.</p> <p>-Табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу;</p>	
	Құрастыру	<p>-Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап,</p> <p>-ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>-Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту.</p> <p>-Өткенді қайталау.</p>	
	Сурет салу	<p>-Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету.</p> <p>-Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, казак оюларының элементтерін қолдану.</p> <p>-Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p> <p>-Өткенді қайталау.</p>	
	Мүсіндеу	<p>-Адамның бейнесін мүсіндеу,</p> <p>-жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p> <p>-Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p> <p>-Өткенді қайталау.</p>	
	Жапсыру	<p>-Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>-Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды казак ою-өрнектерімен безендіру.</p> <p>-Қайшы мен желімді дұрыс қолдану.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p> <p>-Өткенді қайталау.</p>	

Музыка	<p>-Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>-Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>-Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>-Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>-Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>-Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>-Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p>	
--------	--	--